bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# 1822-1824 жж. патша реформалары

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 29.01.2020 | https://bilimger.kz/66111/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** 7.2В<br>Отарлау және ұлт-азаттық күрес | | **Мектеп: Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта мектебі** |
| **Сағат саны: 1 сағат** | **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Джумадиллаева Р. К** |
| **Сынып: 8 б** | | **Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** |

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | ***1822-1824 жж. патша реформалары*** |
| **Зерттеу сұрағы** | *Неліктен XIX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?* |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 7.3.1.4 – Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру |
| **Сабақтың мақсаты** | 1822-24 жж жарғылары нәтижесінде Қазақстанда болған әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіну |
| **Бағалау критерийлері** | **Білу және түсіну-**1822-24жжжарғылардың мазмұнын біледі;<br><br>**Сыни ойлау мен талдау-**Орта жүз бен Кіші жүзде хан билігінің жойылу себптері мен басқарудың жаңа жүйесін талдайды;<br><br>**Синтез-**«Сібір қырғыздары», «Орынбор қырғыздары» туралы Жарғылардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстырып, нәтижесін қорытындылайды |
| **Тілдік мақсаттар** | *Тыңдалым дағдысы-* мұғалім мен оқушылардың баяндаған ақпаратын тыңдайды;<br>*Оқылым дағдысы-* берілген мәтіндерді оқиды;<br>*Айтылым дағдысы-* түрлі тапсырмаларды талқылап, сынып алдында жариялайды;<br>*Жазылым дағдысы-* жазба тапсырмаларын орындайды<br>**Пәнге қатысты лексика мен терминология**<br>*Дәстүрлі билік, генерал-губернаторлық, жарғы, округ, округтық приказ, дистанция, заседатель, ішкі күзет*<br>**<u>Диалог пен жазылымға пайдалы сөз тіркестері:</u>**<br>*«Сібір қырғыздары туралы», «Орынбор қырғыздары туралы» Жарғылардың **пайда болу себептері мынадай**… … … … …. ….*<br>*Патша өкіметінің **мақсаты**… … … … … … …*<br>*«Сібір қырғыздары туралы» Жарғының **авторы**… … … … … … …*<br>*Патша өкіметі «Сібір қырғыздары туралы» жарғыны … **жылы** бекітті*<br>*«Орынбор қырғыздары туралы» Жарғының **авторы…** … … … … … …*<br>*Патша өкіметі «Орынбор қырғыздары туралы» жарғыны … **жылы** бекітті*<br>*Реформаны жүзеге асыру барысында…. … … … … … … … … … … … … …*<br>*1822-1824 жж. патша реформаларының **салдары**… … … … … … … … …* |
| **Құндылықтарды дарыту** | Мәңгілік Елдің 7 басты құндылығынан<br>— Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім<br>— Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһадық тұрғыдан қатысуы. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Қазақ тілі пәні бойынша білімдері жаңа сөздермен жұмыс және айтылым, тыңдалым, жазылым барысында қолданылады |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Бейнефильм, интерактивті тақтамен жұмыс |
| **Бастапқы білім** | XVIII ғ Қазақ хандығындағы дәстүрлі билік жүйесі туралы біледі |
| **Сабақ барысы** | |

| **Сабақтың Жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>5 мин<br><br>**2мин** | **Ұйымдастыру сәті.** Басқару жүйесі (Округ, Болыс, Ауыл ) бойынша үш топқа біріктіру<br>**Үй тапсырмасы : «Тарихи тізбектер»** әдісі арқылы сұралады<br>Оқушылар тақтада берілген жылдарда болған оқиғаларды сағат тілімен жауап береді<br>— 1730 ж Кіші жүздің билері ханға Ресеймен одақ жасауды ұсынды<br>— 1731 ж Анна Иоанновна Кіші жүздің қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы грамотаға қол қойды.<br>— 1748ж Әбілхайыр хан қайтыс болды<br>— 1748-86ж Нұралы хан билік еткен жылдар<br>— 1773-75ж Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі болды.<br>— 1771-81ж Абылай хан билік еткен жылдар.<br>— 1784ж Орынбор губерниясының бастығы болып Игельстром келді.<br>— 1786ж Игельстром хан билігін реформалаудың жобасын әзірледі.<br>— 1791ж Ералы сұлтан кіші жүздің ханы болып сайланды<br>— 1792ж С.Датұлы 1000 сарбазымен Елек қорғанысына шабуыл жасады.<br>— 1783-1797ж С.Датұлы бастаған шаруалар көтерілісі болған жылдар<br>— 1797ж С.Датұлы хан ордасына шабуыл жасап Есім ханды өлтіреді<br>**Жаңа сабақ**<br>**(Ой шақыру.**<br>Оқушыларға Ресей империясы мен Қазақ хандығы билеушілерінің тәждерінің суреттерін көрсету.Талқылау ұйымдастыру.<br>-*Суреттен қай мемлекеттер билеушілерінің тәждерін көріп тұрсыздар?*<br>*Өзімен тең дәрежедегі билеушісі бар мемлекетті басқа мемлекеттің билеушісі басқаруы мүмкін бе?*<br>*— Қалай ойлайсыздар, оқушылар? Қандай жағдай қалыптасуы мүмкін?*<br>**(М)** Сабақ тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері оқушыларға таныстырылады. Тарихи концепт пен зерттеу сұрағына назар аударылады.<br>Зерттеу сұрағы: *Неліктен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?* | Презентация<br><br><br>Карточкалар<br><br>Маркер, стикерлер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Сабақтың ортасы**

3 мин

**Білу түсіну Жаңа сөздермен жұмыс «Семантикалық карта»**
**(Б)** Сабақ барысында кездесетін жаңа ұғымдардың мағынасын оқушылардың алдын-ала түсінуіне жағдай жасалады.Алдымен тақтаға жаңа ұғымдар мен сөз тіркестері жазылған карточкалар ілінеді.Ал оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы жазылған карточкалар таратылып, олардың мазмұнын оқып шығуға мүмкіндік беріледі. Мұғалім сонан соң оқушылардан тақтадағы жаңа ұғымдардың атаулары карточкадағы сөздердің қайсысымен сәйкес келетіндігі туралы сұрайды. Жаңа сөздердің мағынасын дұрыс таптым деген оқушылар жауабын оқиды, егер ол жауап дұрыс болған жағдайда (мұғалім жауаптардың дұрыс/бұрысын тыңдап тұрады)тақтадағы жаңа ұғымдардың біріне сәйкесінше орналастырады.
***Дәстүрлі билік*** *—қазақ хандығындағы хан билігі*
***Генерал-губернаторлық*** *-Ресей империясының әкімшілік-территориялық бөлік*
***Жарғы*** *-заңдар жинағы*
***Округ****-әкімшілік-аумақтық бөлік атауы*
***Округтық приказ*** *-мекеме*
***Дистанция****— Кіші жүздегі әкімшілік-территориялық бөлік*
***Заседатель*** *-Ресейлік шенеунік*
***Ішкі күзет*** *-Сібір казактарынан құралған күзет*
**(М)** Қазақ хандығында дәстүрлі билік жүйесінің жойылу себептерін қысқаша тоқталып, 1822 ж реформаның нәтижесінде Қазақ хандығында пайда болған *округ → болыс → ауыл* — жаңа әкімшілік бөліну сызбасын/схемасын интерактивті тақтадан шығарып көрсетіледі.
З**ерттеу мен талдау**
**1-тапсырма. Бейнематериалмен жұмыс «Визуальді» әдіс**
Оқушыларға реформаның толық мазмұны бойынша ЦБР-дың интерактивті түсіндіруі тыңдатылады. Оқушылардың интерактивті материалды тыңдай отырып, маңызды ақпараттарды жазып отыруы үшін кесте беріледі. Оқушылар тапсырманы орындап болғаннан кейін, орындалған тапсырманың *«дұрыс/ бұрысын»*тексеру үшін тақтада тапсырманың дұрыс жауаптары ұсынылады. Әр оқушы өз тапсырмасын өзі тексеру арқылы кері байланыс жүзеге асырылады.

Карточкалар

Қазақстан тарихы 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2012.

*http://lms.nci.kz/history/view?f=189&id=8&lang=kaz*

5мин

*Қосымша-1*
Кесте

| «Сібір қырғыздарының» жарғысы | «Орынбор қырғыздарының жарғысы» |
|---|---|
| Жарғы қабылданған жыл | |
| | |
| Авторлары | |
| | |
| Әкімшілік өзгерістер болған аймақтар | |
| | |
| Әкімшілік құрылым бөлшектері | |
| | |

15 мин
*Қорғауға*

<u>*Дескриптор:*</u>
*—«Сібір қырғыздары» мен «Орынбор қырғыздары» Жарғыларының авторларын атайды;*
*-Жарғылардың қабылданған жылдарын біледі;*
*-Сібір қырғыздары облысы мен Орынбор қырғыздары облысының әкімшілік құрылымы мен ондағы билік басындағы тұлға атауын анықтайды*
**Кері байланыс.**Өзін-өзі бағалау
**2-тапсырма. (Т)**
**«ДЖИГСО » әдісі арқылы постер қорғау**
Топтарға таратпа-мәтіндер таратылады. Оқушылар мәтін мазмұнын оқып, ақпараттарды пысықтайды. Әр топ берілген тапсырмаға сәйкес дайындалып, сынып алдында өз жұмыстарын жариялайды.
1-топ. Сызба-схеманы сипаттау
2-топ. Оқиғаны әңгімелеу
3-топ. 1822-24ж жарғыға сәйкес жаңа әкімшілік бөліктердің ерекшеліктерімен ұқсастықтарын анықтап, жаңа әкімшілік басқару туралы ойды түйіндеп тұжырымдау
<u>Дескриптор:</u>
*1-топ.1822-24 жж Жарғыға сәйкес Қазақ хандығындағы жаңа әкімшілік бөліктерді атауымен жүйелі схема-сызба түрінде көрсетіп, сипаттайды;*
*2-топ. 1822-24 жж Жарғыға сәйкес Қазақ хандығындағы жаңа әкімшілік бөліктердегі оқиғаларды әңгімелеп, түсіндіреді;*
*3-топ.* 1822-24ж жарғыға сәйкес жаңа әкімшілік бөліктердің ерекшеліктерімен ұқсастықтарын анықтап, жаңа әкімшілік басқару туралы ойды *түйіндеп-тұжырымдайды.*

*Қосымша-2*
Таратпа-мәтіндер

5мин

**Кері байланыс.**Мұғалімнің бағалауы
**Интерпретация**
Мұғалім сабақтың басындағы зерттеу сұрағына қайтып оралады. Оқушылардың жауабын алғаннан кейін келесі тапсырмаға көшуге мүмкіндік туады.

***(М) Зерттеу сұрағы:****«Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?»*
Оқушылар патша өкіметінің Ресей империясының құрамына қосылған Кіші жүз бен Орта жүз аймақтарын ресми түрде заңдастыру мақсатында XX ғасырдың 20-шы жылдарында осы аймақта әкімшілік реформалар-1822ж «Сібір қырғыздары»туралы және 1824ж «Орынбор қырғыздары» туралы Жарғыларын жүзеге асырғандығы туралы жауап беруі мүмкін. Оқушылардың жауабынан кейін төмендегі тапсырма беріледі.
***Қорытынды:*** **Синтез** ***«Эстафета» әдісі***
**(ЖЖ)** Жаңа игерілген ақпаратты жинақтап, түйіндеу үшін топтағы Әрбір топ мүшелері сұрақтарға жауап береді.

*Қосымша-3*
Кесте

| **Оқиғалар** | ***<u>Ақиқат</u>*** | ***<u>Жалған</u>*** |
|---|---|---|
| «Сібір қырғыздарының Жарғысы» **1824ж қабылданды** | – | – |
| 1822ж «Сібір қырғыздарының жарғысы» басты мақсаты **денсаулы сақтау жүйесін енгізу** | – | – |
| 1824ж Орынбор қырғыздары жарғысының авторы **Эссен** | – | – |
| «Орынбор қырғыздарының Жарғысы» **1822ж қабылданды** | – | – |
| «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша ауыл **10-20 шаңырақтан тұрды** | – | – |
| «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша қылмыстық істер қаралатын орган **округтік приказ** | – | – |
| 1824 жылғы «Жарғы» бойынша Кіші жүздегі лауазымды кызметтерді **Орынбор генерал губернаторы тағайындады** | – | – |
| «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша ауыл старшындары **3жылға сайланды** | – | – |
| 1824 ж көктемде **Нұралы хан** Орынборға шақыртып алынып, оған ғұмырының соңына дейін айлық жалақы төленіп тұрды | – | – |
| «Сібір қырғыздарының жарғысы»бойынша аға сұлтанды **тек сұлтандар сайлады** | – | – |
| «Сібір қырғыздарының жарғысы» бойынша мұрагерлік жолмен тағайындалған шен **Ауыл старшыны** | – | – |
| Округтік приказдың басты қызметі **шекараны қорғау** | – | – |
| «Сібір қырғыздарының жарғысы» авторы **Сперанкий** | – | – |
| Даулы мәселені жылдам және әділдікпен шешіп отырды : **Билер соты** | – | – |
| 1824ж Реформа бойнша Кіші жүз аумағы **үш округке бөлінді** | – | – |

<u>*Дескриптор:*</u>
<u>*Оқиғалардың ақиқат жалғандығын анықтайды*</u>
**Кері байланыс.**Мұғалімнің бағалауы

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың аяғы**<br><br>5 мин | **Үйге тапсырма**.<br>*«1822-1824 жж. реформалар қазақ қоғамына қандай өзгерістер әкелді?» атты тақырыпта 100-120 сөзден кем емес эссе жазыңыңыз.*<br>**Рефлексия.** «Үш көмекші» әдісі<br>-*Көзіңмен не көрлің?*<br>-*Құлағымңмен не естідің*<br>-*Жүрегіңмен не сездің?* | Стикерлер |
| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?<br>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.<br>Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?<br>Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақтыжақсартуға не ықпалетеалады (оқытутуралы да, оқутуралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақбарысындасыныптуралынемесежекелегеноқушылардыңжетістік/қиындықтарытуралыненібілдім, келесісабақтарда неге көңілбөлуқажет?** | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.